## № 6 Педагогикалық кеңес

Мерзімі: 30.05.2023 ж, сағат: 17.00
Өту орны: АКТ зал
Қатысқандар саны: толық, 104 педагог
Қатыспағандары: 0
**Күн тәртібінде:**

1. 2022-2023 оқу жылы бойынша IV тоқсанның қорытындысы және жылдық қорытынды /Хусайн Х/

А) сыныптан сыныпқа көшіру (1-8, 10 сыныптар), 9,11 сыныптарды мемлекеттік емтихандарға жіберу туралы. /Шахатова Б.А Хусайн Х./

2. Оқушылардың мектеп жанындағы жазғы лагерь жұмысын ұйымдастыру./Жакен М/

3. Мектептің өз-өзі аттесттау жұмысын талдау, бағалау жұмысы. /Хусаин Х./

4. Тарих бірлестігі бойынша тәжірибелі, жаңашыл мұғалімдердің іс-тәжірибесін тарату. /Тарих бірлестігінің мұғалімдері/

5. Ағымдағы мәселелер:

А)Мектептегі тәрбие жұмысының жылдық қорытындысы /Жунусова А.Қ/
Ә) Әлеуметтік педагог жылдық жұмыс қорытындысы /Базылханова Ж/
Б) Мектеп психологтарының жылдық жұмыс қорытындысы /Ташетова Н./

С) Мектеп тәлімгерінің жылдық жұмысының қорытындысы /Тилеухан М/
Д) Мектеп логопедінің жылдық жұмыс қорытындысы /Темирбекова М.А/
Е) Кітапханашылардың жылдық жұмыс қорытындысы /Накипова Н.М/
Ж) Алдағы оқу жылына арналған мұғалімдер жүктемесінің жобасын бекіту /Хакимжанова К.М/

**Тыңдалды :**

**1-мәселе :**IV тоқсанның қорытындысы, жылдық қорытынды, сыныптан сыныпқа көшіру (1-8, 10 сыныптар) бойынша сөз директорлардың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Шахатова Б.А мен Хусайн Х. берілді . IV тоқсанның және жылдық қорытынды бойынша мектептің 2-11 сыныптарында білім сапасы – 60% құрады. Сыныпта бойынша 1-4 сыныптардың сапалық көрсеткішін Б.А.Шахатова толық мәлімет жасаса, 5-11 сыныптардың сапалық көрсеткіштері бойынша Х.Хусайн толық мәліметтер беріп өтті. Жалпы мектеп бойынша 242 оқушы үздіктердің қатарында болса, 414 оқушы оқу екпінділерінің қатарында екендігі аталып өтті. Үлгірмейтін оқушы жоқ. Оқушыларды сыныптансыныпқа көшіру бойынша сынып жетекшілер өз ойлары мен пікірлерін айтып, сыныптағы оқушыларды толықтай келесі сыныпқа көшірілуі жөнінде ұсыныстарын айтты.

**1-4** сыныпта барлығы 539 оқушы келесі сыныптарға көшірілді, оның ішінде :
1 сыныптан -120 оқушы, 2 сыныпқа;
2 сыныптан -141 оқушы, 3 сыныпқа;
3 сыныптан -135 оқушы, 4 сыныпқа;
4 сыныптан -143 оқушы, 5 сыныпқа ауыстырылды.
**5-8** сыныптарда барлығы 508 оқушы келесі сыныптарға көшірілді, оның ішінде :
**10-**сыныптарда барлығы 57 оқушы 11 сыныпқа ауыстырылды.
**9 және 11** сыныптардың оқушылары мемлекеттік емтихандарға жіберілді .

**2-мәселе**бойынша оқушылардың мектеп жанындағы жазғы лагерь жұмысын ұйымдастыруға сөз директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына **Жакен Манарға** берілді .

Scanned by TapScanner

Жазғы лагерьді ұйымдастыру жетекшілігіне бастауыш сынып мұғалімі : **Какимова М. К**. жауапты.Бастауыш сыныптар арасында **"Ақ құс"** жазғы лагері екі кезеңмен өткізіледі .

1 кезең **:05.06.23-16.06.23**

2 кезең :**19.06.23-30.06.23** күндері аралығында болады.

Уақыты сағат 9.00-12.00.

101, 102, 103 кабинеттерде өткізіліп, жоспарланған бағдарламада: саяхаттар, шығармашылық жұмыстар, сайыстар, танымдық ойындардың өткізілетінін, оқушыларды автобуспен тасымалдау , сонымен қатар асхана болмайтыны айтылды .

**3-мәселе**Мектептің өзін-өзі аттесттау жұмысы бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Хакимжанова аттестаттау құжаттарымен толығымен таныстырып өтіп, бағалау шәкілі бойынша 54 баллдық жүйеге тоқтағанын атап өтті. Сапа деңгейі бойынша бұл көрсеткіш «Жақсы» деген бағалауды беретіндігін, 4,9 сыныптың оқушылары тесттік бақылау жұмыстарын тапсыруда 84 пайыз білім сапасын бергенін, құжаттарды жинақтау барысында педагогтердің 5 жылда бір білім жетілдіру урстарынан өту деңгейі төмен екендігіне тоқталып өтті.

**4–мәселе** бойынша бойынша тарих бірлестігінен іс-тәжірибесімен Шинасилова Замира Тугельбайқызына сөз берілді.Замира Тугельбайқызы интерактивті тапсырмаларды құруға арналған **«Wordwoll»** сервисінің тиімділігі мен ерекше тұстарын түсіндіріп өтті .

**5-мәселеде Ағымдағы мәселелер қаралды, мұнда :**

- Мектептегі тәрбие жұмысының жылдық қорытындысы бойынша сөз директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Құмарбекова Аминаға** берілді.

Жылдық қорытынды бойынша тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жүзеге асырылды ,мерекелік іс-шаралар , ауған соғысының ардагерлері , кибербуллинг , буллинг бойынша , рухани танымдық тәрбие , отбасылық тәрбие жұмыстары тб іс-шаралар толығымен жоспарға сай орындалды .

12-желтоқсан жалпы білім беретін ұйымдарының оқушылары арасында "**Ұшқыр ой алаңы**" аудандық пікірсайыс байқауы ұйымдастырылып, мектебіміздің "**Болашақ**" фракциясы III жүлделі орынды иеленгенін ,фракция мүшесі 9 "В" сынып оқушысы Малшы Еділ «**Ең тапқыр ойыншы**» номинациясымен марапатталғаны айтылды .

- Әлеуметтік педагог жылдық жұмыс қорытындысы бойынша сөз **Базылханова Жадыраға** берілді

Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасыларынан шыққан білім алушыларға қаржылай 68 отбасыға , соның ішінде 172 балаға бір реттік тегін киімге 40000 тг көлемінде ақшалай көмек аударылды . Дамуындағы ауытқуларды түзету мақсатында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу, сондай-ақ оларды кейіннен қоғамға интеграциялау үшін әлеуметтік-психологиялық оңалту жұмыстары жасалғаны , мектептегі 102 мұғалмнің 43-і инклюзивті білім беру бойынша 80-сағат көлемінде оқыту курсын ұстаздардың 42 инклюзивті білім беру бойынша курстан өткендігі жөнінде айтылды . Оқу жылының барысында **223** оқушы тегін ыстық тамақпен мектеп асханасынан қамтамасыз етілгедігі , асхана иесі **Г.А. Кабжанованың** демеушілігімен меморандум бойынша 12

Scanned by TapScanner

оқушы тамақтанып, 1-сыныпта отырған 120 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп , әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары бойынша 4 рет отырыс жасалынып, әр тоқан сайын бракераждық комиссия мүшелерімен мектеп асханасының жағдайы тексеріліп отырылғандығы айтылды .

- Мектеп психологтарының жылдық жұмыс қорытындысы бойынша сөз **Ташетова Назгульге** берілді .

2022-2023 оқу жылының барысында мектеп психологтары бірнеше бағыт бойынша жұмыстар атқарылған .

- 1-11 және жекелеген оқушылардан арнайы психологиялық диагностикалар жүргізіліп, Н.Г.Лусканов әдістемесі бойынша оқу мотивациясын, суицидке бейімділікті зерттеуге бағытталған сауалнамалар жүргізілген .
- Сонымен қатар, буллинг пен кибербуллингтің алдағы уақытта алдын алу мақсатында мектептің тәрбие ісі меңгерушісімен 8, 9, 10 сыныптарда ақпараттандыру жүргізілген
- ПИЗА халықаралық тестілеуіне , емтихандарға дайындалып жүрген оқушылармен тестілеу барысында өздерін жайлы сезіну, тестілеуді жақсы тапсырып, қобалжуды азайту мақсатымен кездесулер өткізілген.
- Ресурс орталығы оқушыларымен жұмыс .
- Әлеуметтік педагог және мектеп медбикесімен жүргізілген жұмыс, 1-11 сынып аралығында жеке ерекшелігі бар балаларды анықтау жұмысы жүргізілді.
- Мұғалімдермен және ата – аналармен ақпараттар таратылып, жұмыстар жүргізілді .

- Мектеп тәлімгерінің жылдық жұмысының қорытындысы бойынша сөз **Тилеухан Маржанға** берілді .

2022-2023 оқу жылында «Жас Қыран», «Жас Ұлан», «Өзін-өзі басқару» ұйымының тұжырымдамасына сәйкес мектебіміздегі байқау незігінде «**Өзін-өзі басқару**» ұйымының президентінің сайлауы өткізіліп , мектеп президенті ретінде Хусайн Шахизат сайланады.
Өзін-өзі басқару» ұйымы 8 бағыт бойынша:

- Құқық және тәртіп
- ақпарат
- спорт және салауатты өмір салты
- бақыт
- дебат
- экология және еңбек
- мәдениет және өнер

- қамқорлық (еріктілер) бағыттарында жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілгені туралы айтылды .

- Мектеп логопедінің жылдық жұмыс қорытындысы бойынша сөз **Темирбекова Мөлдір Арысбайқызына** берілді

Инклюзивті қолдау кабинеті 1 қыркүйекте салтанатты түрде ашылып, атқарылған жұмыстар есебіне сай *ПМПК қорытындысы бойынша 14 оқушыерекше қабілеттерін дамыту мақсатымен төмендегі тізім бойынша бөлінген :*
Қолдың моторикасын дамытуына -1оқушы
Зейінді дамытуға -6 оқушы

Scanned by TapScanner

Тірек қимыл аппаратының бұзылуы бойынша -2 оқушы

ЗПР, ОНР( I-II) - 5 оқушы оқушы

Инклюзивті кабинетте балалардың ерекшеліктеріне байланысты мидың екі жақ бөлігін дамытуға арналған нейрожаттығулар , тіл бұлшық етіне , ұсақ моториканы дамытуға арналған арнайы жаттығулар жүргізіліп , ата – аналар мен мұғалімдерге инклюзивті оқушыларды қолдау мақсатында түсіндірме жұмыстары жыл бойы жүргізілді .

- Алдағы оқу жылына арналған мұғалімдер жүктемесінің жобасын бекіту бойынша сөз **Хакимжанова Кулия Мұратхановнаға** берілді

Жаңа оқу жылына арналған жобалы жүктеме бірлестіктер бойынша айтылып , 4 ш/а жаңа мектепке ауысатын мұғалімдер мен оқушылар туралы айтылды .

**Қаулы :**

1. 4-тоқсанның және жылдық қорытындының 60% білім сапасына байланысты қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың мектеп жанындағы жазғы лагерь жұмысы жоспарға сай жұмыс жүргізіліп, жоғары деңгейде өтілуіұйымдастырылсын .
3. Мектептің өзін-өзі аттестатау жұмысы құжаттардың жинақталуына және сәйкестігіне байланысты «жақсы» деп есепке алынып, БСБД-не құжаттар уақытында жіберілсін, мектеп сайтына барлық құжаттар салынсын.
4. Мектептегі тәрбие жұмысының жылдық қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын .

Төрайым: А.А.Туркестанбаева

Хатшы: Ж.С.Торсыкбаева

Scanned by TapScanner